

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасында мемлекеттік әуе кемелерінен алынатын алымдар туралы келісім және Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасында әуе қатынасы туралы келісім жасасу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 15 желтоқсан N 1647

Қазақстан Республикасы мен Америка Құрама Штаттары арасындағы үкіметаралық диалогты дамыту және нығайту мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған:

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі арасындағы мемлекеттік әуе кемелерінен алынатын алымдар туралы келісімнің; Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының

Үкіметі арасындағы әуе қатынасы туралы келісімнің жобалары мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі американдық тарапымен келіссөздер жүргізсін және уағдаластыққа қол жеткізілгеннен кейін, келісімдер жобаларына қағидатты сипаты жоқ өзгерістер мен толықтырулар енгізуге жол бере отырып, Қазақстан Республикасы Үкіметінің атынан көрсетілген келісімдерді жасассын.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстандық жоба

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҮКІМЕТІ МЕН АМЕРИКА
ҚҰРАМА ШТАТТАРЫ ҮКІМЕТІНІҢ АРАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК
ӘУЕ КЕМЕЛЕРІНЕН АЛЫНАТЫН АЛЫМДАР ТУРАЛЫ КЕЛІСІМ**

Бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттарының Үкіметі,

екі Тараптың арасындағы қатынастардың кеңейетіндігін және тереңдейтіндігін,

үкіметаралық диалог және әртүрлі салалардағы байланыстар едәуір жиі және қарқынды сипат алатындығын, ал Тараптар жүзеге асыратын ұшулар саны ұлғаятындығын м о й ы н д а й о т ы р ы п ,

әрі Тараптардың арасындағы мемлекеттік әуе кемелерінің авиарейстерді орындау тәртібі туралы уағдаластықтың бар екендігі алымдарды төлеуге қатысты мәселелерді реттеуге мүмкіндік беретіндігін мойындай отырып, төмендегілер туралы келісті:

1 - б а п

Осы Келісімнің мақсаттары үшін мынадай терминдер:

а) "Келісім" - осы Келісім, оған Қосымшалар, осы Келісімнің 5-бабының ережелеріне сәйкес қабылданған оған толықтырулар мен өзгерістерді;

б) "алымдар" - әуеайлақтық (ұшу/қону, тұрақ) және аэронавигациялық қызметтер үшін өндіріліп алынатын алымдарды;

в) "мемлекеттік әуе кемесі" - бортында осы Келісімнің I және II қосымшаларына сәйкес ресми тұлғалар бар, сондай-ақ егер осы Келісімде өзгесі белгіленбесе Қазақстан Республикасына Америка Құрама Штаттары Үкіметінің жәрдемдесу бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасына гуманитарлық, экономикалық және техникалық көмекті тасымалдауды жүзеге асыратын мемлекеттік әуе кемесінің рейсін білдіреді.

2 - б а п

Осы Келісім рейстерді жүзеге асыру мақсатында дипломатиялық рұқсатты Тараптардың бірі сұраған және екінші Тарап берген мемлекеттік әуе кемелерінің рейстеріне қолданылатын болады. Тараптардың ешқайсысы екінші Тараптан, егер олар мемлекеттік мақсатта пайдаланбаса немесе кез келген коммерциялық қызметті жүзеге асырса, мемлекеттік әуе кемелерінің рейстері үшін дипломатиялық рұқсат сұрамайды.

3 - б а п

1. Бір Тарап мемлекетінің мемлекеттік әуе кемелерінің рейстеріне қонуы/ұшуы, тұруы үшін алымдар және екінші Тараптың мемлекеттік меншік нысаны бар әуеайлақтарында III және IV қосымшаларға сәйкес аэронавигациялық қызметтер үшін а л ы м д а р а л ы н б а й д ы .

2. Тарап екінші Тарап мемлекетінің аумағындағы әуе айлақтарында оның мемлекеттік әуе кемелері сұраған және нақты көрсетілген қызметтердің құнын төлейді.

3. Тараптар бортында V және VI қосымшаларға сәйкес ресми тұлғалар бар мемлекеттік әуе кемелерінің өз аумақтары арқылы транзиті үшін аэронавигациялық

алымдардан

босатылады.

4. Айрықша жағдайларда Тараптардың сыртқысаяси ведомстволары екінші Тараптың мемлекеттік әуе кемелерін осындай шешімдерді өзара егжей-тегжейлі дәлелдеп, өз аумақтары арқылы транзит үшін аэронавигациялық алымдардан босату туралы бір мезгілде шешім қабылдайтын болады.

5. Тараптардың бірі әуе кеңістігін пайдалануға сұраныс жасаған кезде Тараптар әуе кемесінің түрі, тіркеу нөмірі, радиошақыруы, ұшу түрі, жолаушылар/жүктер бар екендігі және санаты, жолаушылар/жүктерді жөнелту және жеткізу пункті туралы, Қазақстан Республикасына Америка Құрама Штаттары Үкіметінің жәрдемдесу бағдарламасы шеңберіндегі жүк жағдайында - көмекті жөнелтуші және қабылдаушы, күні, толық бағыты, ұшу бағытындағы авиатрассаларды, Тараптардың әуе кеңістігіне/кеңістігінен кіру/шығу нүктелерін міндетті түрде көрсетіп, қозғалыс кестесі, навигациялық және байланыс жабдығының түрі, бортта қарудың, оқ-дәрілердің, фотоаппараттың, экипаж туралы мәліметтің бар екені туралы ақпарат беруі тиіс.

6. Тараптардың әуе кеңістігін пайдаланушылар осы Келісімнің 5-тармағында белгіленген нысан бойынша және мемлекеттік әуе кемесінің ұшуына дейін кем дегенде 24 сағат мерзімде әуе кеңістігін пайдалануға сұраныс жіберуі тиіс.

4 - б а п

1. Осы Келісімнің ережелері ұшу/қону, тоқтап тұру немесе қонбай ұшу немесе Тараптар арасында жасалған басқа келісімдерде көзделген осы тәрізді алымдар алу мемлекеттік әуе кемелеріне көрсетілген аэронавигациялық қызметтер үшін алынатын

алымдарға

тарамайды.

2. Осы Келісім Тараптардың Чикагода 1944 жылғы 7 желтоқсанда жасалған

Халықаралық азаматтық авиация туралы конвенцияда көзделген құқықтары мен міндеттемелерін қозғамайды.

5-бап

Тараптардың өзара келісімі бойынша осы Келісімге осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделетін өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

6-бап

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіру немесе қолдану кезінде даулар мен түсініспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар оларды консультациялар мен

келіссөздер арқылы шешетін болады.

7-бап

Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалды, бірақ оның қолданылуы кез келген Тарап екінші Тарапты дипломатиялық арналар бойынша жазбаша хабарлау арқылы тоқтатылуы мүмкін. Осы Келісімнің қолданылуы осындай хабар алынған күннен бастап 12 ай өткеннен кейін тоқтатылады.

8 - б а п

Осы Келісім қол қойылған сәттен бастап уақытша қолданылады және Тараптар оның күшіне енуі үшін қажет мемлекетішілік рәсімдерді орындағаны туралы соңғы жазбаша хабар алынған күннен бастап күшіне енеді.

_____ қаласында _____ жылғы " ____ " _____ екі түпнұсқалық данада, әрқайсысы қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде жасалды, әрі барлық мәтіндердің күші бірдей.

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруде түсініспеушіліктер туындаған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге жүгінетін болады.

Қазақстан Республикасының _____ Америка Құрама
Үкіметі үшін _____ Штаттарының Үкіметі үшін

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама
Штаттары Үкіметінің арасындағы мемлекеттік әуе
кемелерінен алынатын алымдар туралы келісімге

I ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттары Үкіметінің арасындағы мемлекеттік әуе кемелерінен алынатын алымдар туралы келісімнің 1-бабының в) тармағы мақсатында Қазақстан Республикасының ресми тұлғалары:

- 1) Президент;
- 2) Премьер-Министр;
- 3) Парламент палаталары мен комитеттерінің төрағалары;
- 4) Мемлекеттік Хатшы;

- 5) Жоғарғы Сот төрағасы және мүшелері;
- 6) Үкімет мүшелері мен республикалық деңгейдегі мемлекеттік ведомстволардың бірінші басшылары;
- 7) Бас прокурор;
- 8) Қауіпсіздік Кеңесінің Хатшысы;
- 9) ҰҚК төрағасы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама
Штаттары Үкіметінің арасындағы мемлекеттік әуе
кемелерінен алынатын алымдар туралы келісімге
II ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттары Үкіметінің арасындағы мемлекеттік әуе кемелерінен алынатын алымдар туралы келісімнің 1-бабының в) тармағы мақсатында Америка Құрама Штаттарының ресми тұлғалары:

- 1) Президент;
- 2) Вице-Президент;
- 3) Конгресс палаталары, комитеттері және шағын комитеттерінің төрағалары;
- 4) Жоғарғы Сот төрағасы және мүшелері;
- 5) Үкімет мүшелері және федералдық деңгейдегі мемлекеттік ведомстволардың бірінші басшылары;
- 6) Президенттің ұлттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі кеңесшісі;
- 7) Жоғарғы әскери басшылығы, оның ішінде Қазақстан Республикасына Америка Құрама Штаттары Үкіметінің жәрдемдесу бағдарламасы шеңберінде Қазақстан Республикасының аумағында өткізілетін бейбіт жаттығуларға қатысу үшін Қазақстан Республикасына келгендер;
- 8) Ішкі қауіпсіздік агенттігінің директоры;
- 9) ФБР директоры;
- 10) ЦРУ директоры;
- 11) Президенттің, Мемлекеттік Хатшының аумақтық саясат мәселелері жөніндегі арнайы өкілдері;
- 12) АҚШ-тың Жаңа тәуелсіз мемлекеттерге жәрдемдесу бағдарламасының үйлестірушісі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама
Штаттары Үкіметінің арасындағы мемлекеттік әуе
кемелерінен алынатын алымдар туралы келісімге

III ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттары Үкіметінің арасындағы мемлекеттік әуе кемелерінен алынатын алымдар туралы келісімнің 3-бабының 1-тармағы мақсатында мемлекеттік меншік нысаны бар Қазақстан Республикасының әуежайлары:

- 1) Астана қаласының әуежайы;
- 2) Талдықорған қаласының әуежайы;
- 3) Боралдай қаласының әуежайы;
- 4) Ақтөбе қаласының әуежайы болып табылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттары Үкіметінің арасындағы мемлекеттік әуе кемелерінен алынатын алымдар туралы келісімге

IV ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттары Үкіметінің арасындағы мемлекеттік әуе кемелерінен алынатын алымдар туралы келісімнің 3-бабының 1-тармағы мақсатында мемлекеттік меншік нысаны бар Америка Құрама Штаттарының әуежайлары болып табылады.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттары Үкіметінің арасындағы мемлекеттік әуе кемелерінен алынатын алымдар туралы келісімге

V ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттары Үкіметінің арасындағы мемлекеттік әуе кемелерінен алынатын алымдар туралы келісімнің 3-бабының 3-тармағы мақсатында Қазақстан Республикасының ресми тұлғалары:

- 1) Президент;
- 2) Премьер-Министр;
- 3) Парламент палаталарының төрағалары;
- 4) Мемлекеттік Хатшы;
- 5) Сыртқы істер министрі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттары Үкіметінің арасындағы мемлекеттік әуе кемелерінен алынатын алымдар туралы келісімге

VI ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттары Үкіметінің арасындағы мемлекеттік әуе кемелерінен алынатын алымдар туралы келісімнің 3-бабының 3-тармағы мақсатында Америка Құрама Штаттарының ресми тұлғалары:

- 1) Президент;
- 2) Вице-Президент;
- 3) Конгресс палаталарының төрағалары;
- 4) Мемлекеттік Хатшы;
- 5) Президенттің ұлттық қауіпсіздік мәселелері жөніндегі кеңесшісі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен
Америка Құрама Штаттары Үкіметінің арасындағы
әуе қатынастары туралы
келісімі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Америка Құрама Штаттары Үкіметі, бұдан әрі "Тараптар" деп аталатын,

1944 жылғы 7 желтоқсанда Чикагода қол қою үшін ашылған халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенция қатысушылары бола отырып, Тараптардың және олардың шегінің тысындағы тиісті мемлекеттер арасындағы әуе қатынастарын бекіту мақсатында аталған Конвенцияға қосымша Келісім жасасуға ниет білдіріп, халықаралық әуе тасымалдаулары кезінде ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздіктің жоғары деңгейін қамтамасыз етуге ниет білдіріп, төмендегі жайлар туралы келісті:

1-бап
Анықтамалар

Осы Келісім мақсатында:

а) "Конвенция" деген термин 1944 жылғы 7 желтоқсанда Чикагода қол қою үшін ашылған халықаралық азаматтық авиация туралы Конвенцияны білдіреді және осы

Конвенцияның 90-бабына сәйкес қабылданған барлық Қосымшалары және осы Конвенцияның 90 және 94-баптарына сәйкес, Қосымшаның және Конвенцияның халықаралық азаматтық авиация туралы барлық өзгерістерін қосады;

б) "Келісім" деген термин осы Келісімді, оған Қосымшаны осы Келісімнің 19-бабына сәйкес қабылданған Келісімге және Қосымшаға енгізілген барлық өзгерістерін білдіреді;

в) "авиациялық билік" деген термин Қазақстан Тарапынан - Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі, ал Америка Құрама Штаттары Тарапынан - _____, немесе екі жақтан да аталған өкіметтермен орындалатын қызметтерді жүзеге асыратын заңды уәкілетті кез келген басқа орган. Авиациялық өкіметтердің ресми атаулары өзгерген жағдайда, тараптар дипломатиялық каналдар бойынша бір-біріне дереу хабарлайды;

г) "аумақ", "әуе қатынастары", "халықаралық әуе қатынастары", "авиакәсіпорын" және "коммерциялық емес мақсаттардағы аялдама" деген терминдер 2 және 96-баптарда белгіленген мағыналарды білдіреді;

д) "тағайындалған авиакәсіпорын" деген термин осы Келісімнің 3 және 4 баптарына сәйкес ұшуды орындауға тағайындалған және рұқсат алған авиакәсіпорынды білдіреді;

е) "келісілген желілер" деген термин осы Келісімнің Қосымшасында бекітілген бағыттары бойынша жолаушыларды, жүктерді және почтаны, бөлек немесе аралас тасымалдау үшін реттеулі әуе кемелерін білдіреді;

ж) "тариф" деген термин жолаушыларды, теңдеме жүкті және жүкті тасымалдау үшін төленетін бағаларды және агенттік және басқа қосымша қызметтер үшін бағалар мен жағдайларды қосқанда, бірақ почтаны тасымалдау үшін төлеулер мен жағдайларды алып тастағанда осы бағалар қолданылатын жағдайларды білдіреді;

з) "әуе кемесінің ауысымдары" деген термин бағыт учаскесінің біреуі бағыт учаскесінің басқасы қызмет көрсететін әуе кемесінен сиымдылық бойынша ерекшелік тағайындалған авиакәсіпорынның келісілген желілерінің бірін пайдалануды білдіреді;

и) "әуе кемесінің жабдықтары", "жердегі жабдықтар", "борттық қорлар", "қосалқы бөлшектер" деген терминдер Конвенцияның 9 Қосымшасында белгіленген мағыналарды білдіреді;

к) "алымдар" деген термин әуежайды, аэронавигацияның құралдарын

пайдалануға берілгені үшін және басқа қызметтер көрсеткені үшін авиакәсіпорыннан алынатын алымдарды білдіреді;

л) "рампалық тексеріс" деген термин бортта және әуе кемесінің сыртқы бөлігін, әуе кемесінің ішкі жағдайын, оның құрал-жабдықтарын басқа жақтың уәкілетті өкілдерімен тексеруін білдіреді;

м) "Қосымша" деген термин осы Келісімнің 18-бабының 2-тармақшасының қағидаларына сәйкес белгіленген түзетулерін қоса осы Келісімге енгізілген

барлық қосымшаларды білдіреді. Қосымша осы Келісімнің бөлінбейтін бөлігін құрайды.

2-бап Құқықтар беру

1. Әрбір Тарап басқа Тарапқа халықаралық әуе қатынастарын тағайындалған авиакәсіпорындармен орындау үшін келесі құқықтарды береді:
 - а) өз мемлекетінің аймағы арқылы қондырусыз ұшуды жүзеге асыруға;
 - б) өз мемлекетінің аймағында коммерциялық емес мақсатта аялдамалар жасауға;
 - в) әрқайсысын бөлек және барлығын бірге алғанда, бекітілген бағыттың кез келген пунктінде жолаушыларды, теңдеме жүкті, жүкті және почтаны бортқа алу және борттан түсіру мақсатында, өз мемлекетінің аумағында аялдама жасауға.
2. Осы Баптың 1 тармақшасындағы ешқандайда қағидасы бір Тарап мемлекеті тағайындаған авиакәсіпорындарына басқа Тарап мемлекетінің аумағында жалға алу бойынша немесе сый ақы үшін тасымалданатын және басқа Тарап мемлекеті аумағындағы басқа пункттер үшін тағайындалған жолаушыларды, теңдеме жүкті, жүкті және почтаны бортқа алу басымдылығына ие болуы туралы қағидадай қаралмайды.

3 - б а п Ұшуды орындауға тағайындау

1. Әрбір Тарап Басқа Тарапты хабардар етіп, Қосымшада бекітілген бағыттар бойынша халықаралық әуе қатынастарын орындау үшін бір не болмаса бірнеше авиакәсіпорындарды тағайындау құқы бар.
2. Әрбір Тарап басқа Тарапты дипломатиялық каналдар бойынша хабардар етіп авиакәсіпорынды тағайындауды тоқтатып, басқа авиакәсіпорын тағайындауға құқы бар.

4 - б а п Ұшуды орындауға рұқсат алу

1. Осы Келісімнің 3 Бабына сәйкес, бір Тараппен авиакәсіпорынның тағайындалуы туралы хабар алғаннан кейін, басқа Тарап мемлекетінің авиациялық өкіметтері, өз мемлекетінің заңдарына сәйкес осы авиакәсіпорындарға олар тағайындалған келісілген желілерде пайдалануы үшін тиісті рұқсаттарды кідіртпей береді.
2. Осындай рұқсаттарды алғаннан кейін Тарап авиакәсіпорындары кез келген

уақытта келісілген желілерді толық немесе жартылай пайдалануды авиакәсіпорындар осы Келісім қағидаларына сәйкес және осы Келісімнің 13 Бабының қағидаларына сәйкес тарифтер бекітілу жағдайлары ескеріле отырып бастай алады.

5 - б а п

Ұшуды орындауға рұқсаттарының әрекетінің күшін жою немесе тоқтату

1. Бір Тарап мемлекетінің авиациялық өкіметтері осы Келісімнің 4 Бабында аталып өткен басқа Тараппен тағайындалған авиакәсіпорынға қатысты рұқсаттардың әрекетін тоқтату, жою не болмаса уақытша немесе тұрақты негізінде қажет деп тапқан жайларды жоюға немесе оларды орындауды талап ету құқына ие болады, егер:

а) осы авиакәсіпорындар өз мемлекетінің заңдарында бекітілген талаптарды, сондай-ақ осы авиациялық өкіметтердің Конвенцияға сәйкес халықаралық әуе кемелерін әдеттегідей және ақылға сай пайдаланылатын қағидаларын орындамағанда;

б) осы Келісімде бекітілген ұшулардың талаптарын авиакәсіпорындар

орындамағанда;

в) авиакәсіпорындардың тіркелгені немесе олардың негізгі қызмет орны басқа Тарап мемлекетінің аумағында орналасқандығы жайында дәлелдемелері болмаса, сондай-ақ басқа Тарап мемлекетінің авиациялық өкіметімен берілген пайдаланушының қолданыстағы Куәлігі болмағанда.

2. Егер жоғарыда аталған кідіріссіз әрекеттер заңдарды бұзушылықты алдын алу үшін қажет болып табылмайтын болса, осы Баптың 1 тармақшасында көрсетілген құқықтар осы Келісімнің 17 Бабына сәйкес кеңес алғаннан кейін қолданылады.

6-бап

Заңдарды қолдану

1. Халықаралық әуе навигациясында немесе осындай әуе кемесін пайдалану мен навигация әрекетіндегі әуе кемесінің рұқсаттары, орныққан жері және мемлекет аумағынан жөнелтілуі қатысты бір Тарап мемлекетінің заңдары кіру, шығу және аталған аумақ шегінен тыс болған кезең кезінде басқа Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорындарымен сақталады.

2. Кіруге, кедендік тазалауға, транзитке, иммиграцияға, төлқұжаттық бақылауға, кедендік бақылауға, валюталық реттеуге, санитарлық бақылауға және карантинге

қатысты бір Тарап мемлекетінің заңдары басқа Тарап мемлекеті тағайындаған авиакәсіпорындарымен сақталады және экипаждарға, жолаушыларға, жүктерге және почтаға қатысты немесе олардың атынан транзит, кіру, шығу кезінде және осындай Тарап мемлекетінің аумағында болу кезінде сақталады.

Тарап аумағы арқылы тікелей транзитпен баратын және осындай мақсатқа арналған әуежай аумағынан кетпейтін жолаушылар, теңдеме жүк, жүк, почта зорлық актілеріне қарсы қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету жағдайларынан басқа жеңілдетілген бақылауларға әкеліп соғады.

3. Бір де бір Тарап осы Баптың 1 және 2 тармақшасында белгіленген қағидаларын қолдануда немесе әуежайларды, әуе жолдарын, әуе қозғалысы қызметтерін және Тарап мемлекетінің авиациялық өкіметтерінің бақылауындағы оларға қатысты құрал-жабдықтарды пайдалануда халықаралық әуе қатынастарында әрекеттенген басқа Тарап мемлекетінің авиакәсіпорындары алдында жеке немесе басқа авиакәсіпорындарға артықшылық бермейді.

7 - б а п

Куәліктер, анықтамалар және ұшу қауіпсіздігі

1. Бір Тараппен қолданыстағы берілген немесе танылған және әрекет мерзімі бітпеген ұшу жарамдығы туралы куәлік, біліктілік пен куәлану туралы куәлік, осындай куәландырулар мен куәліктердің сәйкес қолданыста берілген әрі танылған және Конвенцияда бекітілген стандарттарға сәйкес болған жағдайында Қосымшада бекітілген бағыттар бойынша келісілген желілерді пайдалану мақсатында басқа Тараппен танылатын болады.

Әрбір Тарап өз мемлекеті аумағы үстінен ұшуға қатысты, басқа Тарап мемлекетінің азаматтарымен берілген біліктілігі мен куәландыру туралы куәліктерді танудан бастарту құқығын сақтайды.

2. Егер осы Баптың 1 тармағында көрсетілген куәліктер мен куәландырулар бекітілген Конвенция стандарттарынан ерекшеленетін қолданыстағы талаптарға сәйкес берілген немесе танылған болса, және егер мұндай ерекшелік Халықаралық авиациялық ұйымдарында тіркелген болса, басқа Тарап мемлекетінің авиациялық билігі осы мәселе бойынша қойылған талаптардың олар үшін тиімді болатынына куәлану мақсатында осы Келісімнің 17 Бабына сәйкес консультация өткізілуін сұрай алады.

8 - Б а п

Авиациялық қауіпсіздік

1. Бір біріне қатысты алынған заңсыз араласу актілерінен Азаматтық авиация

қауіпсіздігі міндеттемесін Тараптар бекітеді.

2. Сұраныс жөнінде Тараптар әуе кемелерін заңсыз ұстау актілерінің алдын алу және жолаушылар мен экипажға, әуежайлар мен аэронавигациялық құралдардың қауіпсіздігіне қарсы бағышталған басқа да заңсыз актілер, сондай-ақ азаматтық авиация қауіпсіздігіне төнетін басқа да қауіптер бойынша бір біріне барлық қажетті көмек көрсететін болады.

3. Тараптар қылмыс туралы Конвенция ережелеріне және 1963 жылғы 14 қыркүйекте Токио қаласында бекітілген әуе кемелері бортында болатын кейбір заңсыз актілеріне, 1970 жылғы 16 қаңтарда Гаага қаласында бекітілген әуе кемелерін заңсыз ұстауға қарсы күрес туралы Конвенцияға, 1971 жылғы 23 қыркүйекте Монреал қаласында бекітілген азаматтық авиация қауіпсіздігіне бағышталған заңсыз актілермен күрес туралы Конвенцияға, 1971 жылғы 23 қыркүйекте Монреал қаласында қабылданып, 1988 жылғы 24 ақпанда бекітілген азаматтық авиация қауіпсіздігіне бағышталған заңсыз актілермен күрес туралы Конвенцияны толықтыратын халықаралық азаматтық авиацияға қызмет көрсететін әуежайлардағы заңсыз зорлық актілеріне қарсы күрес жөніндегі Хаттамаларға және екі Тарап үшін міндетті авиация қауіпсіздігін реттейтін кез-келген басқа көпжақты Келісімге сәйкес әрекетте болады.

4. Тараптар өздерінің екіжақты қатынасында Халықаралық азаматтық авиация ұйымдарымен және Конвенцияға Қосымша ретінде аталған осындай ережелер қауіпсіздік бойынша Тараптарға қолданылатын деңгейдегі авиациялық қауіпсіздік жөніндегі ережелерге сәйкес әрекетте болады; әуе кемелерін пайдаланушылар олардың тіркеу орны бойынша немесе қызмет орнымен негізделген әуе кемелерін пайдаланушылар немесе тұрақты қонуорны олардың мемлекеттері аумағында болатын, және әуежайларды пайдалану олардың мемлекеті аумағында авиациялық қауіпсіздік жөніндегі осындай ережелерге сәйкес жүргізілетін болады.

5. Әрбір Тарап басқа Тарап мемлекеті аумағына кіруі үшін және жолаушыларды, экипажды, олардың қол жүктерін, сондай-ақ түсіруге немесе тиеуге дейінгі жүкті тексеру бойынша орынды шаралар қабылдауға авиациялық қауіпсіздік жөніндегі ережелерді сақтауға келіседі. Әрбір Тарап әуе кемелері қауіпсіздігі және олардың жолаушыларына төнетін қатер жөніндегі арнайы шаралардың қабылдануы туралы басқа Тараптың кез-келген өтінішін тілектестікпен қарайтын болады.

6. Инцидент немесе әуе кемесін заңсыз ұстау инциденті төнгенде немесе жолаушылар мен экипаждың, әуе кемелерінің, әуежай мен аэронавигациялық құралдардың қауіпсіздігіне қарсы бағышталған басқа заңсыз актілер болғанда, Тараптар бір біріне осындай инцидентті немесе оған төнетін қатерді жедел және қауіпсіз болдырмауға арналған байланыс құралдары мен қабылданған басқа шараларға сәйкес бір біріне көмектесуге жәрдем беретін болады.

7. Егер бір Тарап осы Бапта көрсетілген авиациялық қауіпсіздік жөніндегі ережелерді сақтаудан бас тартса, басқа Тарап мемлекетінің авиациялық билігі осы

Тараптар мемлекетінің авиациялық билігімен тез арадағы консультацияларды өткізуін талап ете алады. Егер Тараптар консультация басталған күннен бастап отыз (30) күн ішінде келісімге келмесе, онда бұл осы Келісімнің 5 Бабын қолдану үшін негіз бола
а л а д ы .

9 - б а п
А л ы м с т а в к а л а р ы

1. Бір Тарап мемлекеті аумағында басқа Тарап мемлекеті тағайындаған авиакәсіпорнынан әуежай және басқа авиациялық құрал-жабдықтарды басқа Тарап мемлекеті тағайындаған авиакәсіпорынның әуе кемелері пайдаланғаны үшін алынатын алымдар ұқсас халықаралық әуе қатынастарында әрекеттенетін ұлттық авиакәсіпорнынан алынатын алым ставкаларынан жоғары болмауы тиіс.

2. Әр Тарап уәкілетті авиациялық өкімет және жабдықтар және қызметтермен пайдаланатын тағайындалған авиакәсіпорындар арасында өткізілетін, мүмкіндігінше авиакәсіпорындардың атынан ұйымдар арқылы кеңестерді қолдап отырады. Тараптар бір-бірін алым ставкаларының болатын өзгерістері туралы хабардар етеді.

1 0 - б а п
К е д е н д і к т ө л е м д е р м е н ө з г е а л ы м д а р

1. Әрбір Тарап басқа Тарап мемлекетінің тағайындаған авиакәсіпорындарының әуе кемесіне, отын, жағар-майға, тұтынылатын техникалық қорларға, қозғалтқышты қосқанда қосалқы бөлшектерге, сонымен қатар табельдік борт жабдықтарына, жер беті жабдықтарына, борт қорларына және басқа Тарап мемлекетінің келісілген желілерді пайдалануға тағайындалған авиакәсіпорындарының тек әуе кемелерін пайдалану немесе қызмет көрсетумен байланысты пайдалануға арналған өзге де заттарға, сондай-ақ басылған билеттерге, авиажүкқағаздарына, кәсіпорынның белгісі бар кез-келген баспа материалдарына және осы тағайындалған авиакәсіпорындармен ақысыз таратылатын дағдылы баспа материалдарына салынатын кедендік төлемдер мен өзге а л ы м д а р д а н б о с а т а д ы .

2. Осы баптың бірінші тармағында көрсетілген материалдар босатулар берген Тарап мемлекетінің аумағында пайдаланылса немесе тұтынылса немесе пайдаланылмаса немесе тұтынылмаса осы баппен көрсетілген босатулар қолданылады, егер заттар:

а) бір Тарап мемлекетінің аумағына басқа Тарап мемлекетінің тағайындалған кәсіпорындарымен енгізілсе, бірақ босатулар берген Тарап мемлекетінің аумағында и е л і к т е н ш ы ғ а р ы л м а с а ;

б) бір Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорнының әуе кемесі бортында басқа Тарап аумағына келген немесе кеткен кезде сақталса;

в) бір Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорнының әуе кемесі бортына басқа Тарап мемлекетінің аумағында алынса және келісілген желілерді пайдалануда қолдануға арналаса.

3. Кез келген Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорындарының әдетте әуе кемелері бортында болатын табельді жабдықтары, жер беті жабдықтары, сондай-ақ материалдар және қорлар басқа Тарап мемлекетінің аумағына тек сол Тарап мемлекетінің кеден өкіметінің рұқсатымен түсіріледі. Олай болған жағдайда, олар аталған өкіметтің қадағалауына алып кеткенше орнатылуы немесе басқа Тарап мемлекетінің заңдарына сәйкес өзгедей жағдайда пайдалануы мүмкін.

4. Тікелей транзитпен жүретін теңдеме жүк пен жүк кедендік төлемдерден және басқа салықтан босатылады.

5. Осы Баппен берілетін босатулар Бір Тарап мемлекетімен тағайындалған авиакәсіпорындар басқа авиакәсіпорындармен осы Баптың 1 тармақшасында белгіленген заттарды қарыз және беру туралы келісім жасаған жағдайда қолданылатын болады.

6. Кедендік төлемдер мен салықтардан аталған босатулар бекітілген шектеулер мен талаптардың немесе осындай жеңілдіктер берілуіне байланысты жағдайлар сақталуы кезінде беріледі.

1 1 - б а п С и ы м д ы л ы қ

1. Әрбір Тарап мемлекеті тағайындаған авиакәсіпорыны осы Келісім қосымшасында бекітілген бағыттар бойынша Тараптардың мемлекет аумақтары арасындағы және олардан тыс келісілген желілерді пайдаланудың әділ және тең мүмкіндіктеріне ие болады.

2. Әрбір Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорыны келісілген желілерді пайдалану кезінде, басқа Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорнының мүдделерін барлық бағытта немесе осы бағыт бөлігіне ең соңында қамтамасыз ететін тасымалдауға зиян келтірмейтіндігін ескере отырып қабылдайтын болады.

3. Тараптар мемлекеттерінің тағайындалған авиакәсіпорындарының келісілген желілерін пайдалану тағайындалған тасымалдау бағыттарымен қоғамдық қажеттілікті тарату мақсатында жүзеге асады және мемлекет Тараптары аумағы арасындағы әуе кемесін тиеудегі орынды коэффициент кезіндегі жолаушыларды, жүктерді, почтаны тасымалдаудағы ұсынылған ағымдағы және орынды қажеттілікке жауап беретін сиымдылықты ұсынатын алғашқы кезектегі міндеті болады.

4. Тағайындалған авиакәсіпорындар кез-келген келісілген желілердің пайдалану күніне дейінгі 30 күннен кешіктірмей екі Тараптың мемлекеттерінің авиациялық өкіметтеріне ұсынылған ұшу бағдарламасын бекітуге ұсынатын болады. Аталған ұшу

бағдарламасы пайдалану, жиілік және ұшу кестесі үшін болжанған әуе кемелерінің үлгісін, қызмет көрсету үлгісін қамтитын болады.

Осындай рәсім ұшу бағдарламасының келесі өзгерістері жағдайында қолданылатын болады.

Ерекше жағдайларда авиациялық өкіметтер арасындағы келісім бойынша уақыт кезеңі қысқартылуы мүмкін.

1 2 - б а п

Әуе кемелерін алмастыру және кодтарды бірге пайдалану

1. Бір Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорны басқа Тарап мемлекетінің аумағында келесі жағдайларда әуе кемелерін ауыстыруды жүргізе алады:

а) ауыстыру пайдаланудың экономикалық себептерімен түсіндірілген кезде;

б) Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорнынан қашықтағы бөлімінде пайдаланылатын әуе кемелері, айтарлықтай жақын бөлімдегі әуе кемелерімен бірге ұшуды орындайтын және осыны үнемі орындайтын кезде; соңғысымен тапсырылып немесе онымен алынып қабылданған тасымалдауды орындау мақсатында алғашқылары ауыстыру пунктіне қондырылатын болады, және сиымдылық бірінші кезекте осы мақсатта анықталатын болады;

в) жарнама жолымен немесе әуе кемесінің ауысатын жерінде басталатын тасымалдауды жүргізетін басқа да тәсілмен, егер басқасы осы Келісімнің Қосымшасымен рұқсат етілмесе жұртшылыққа авиакәсіпорындар өздері ұсынбаған кезде.

2. Қосымшада бекітілген бағыттар бойынша келісілген желілерді пайдалану кезіндегі осы баптың 1 тармағының жағдайларынан тәуелсіз Тарап мемлекеттерінің тағайындалған әрбір авиакәсіпорны соңғы авиакәсіпорын тиісті бағыт пен тасымалдау құқы болған жағдайдағы кез-келген мемлекеттің авиакәсіпорнымен кодтарды бірге пайдалану бойынша келісім жасай алады.

1 3 - б а п

Т а р и ф т е р

1. Осы авиакәсіпорындар арасындағы консультациялардан кейін Қосымшада бекітілген бағыттардың тарифтері, мүмкіндігінше, тағайындалған авиакәсіпорындардың әрбірімен бекітілетіндігіне осы Тараптар келісетін болады.

2. Басқа Тарап мемлекетінің аумағына және аумағынан келісілген желілер бойынша тасымалдау тарифтері барлық тиісті факторларды есептегендегі орнықты шекте пайдалану шығысын, орынды пайданы, қызмет көрсету мінездемесін, тұтынушылар мүдделерін және барлық бағыт немесе осы бағыттың бөлімі бойынша басқа

авиакәсіпорындардың қолайлы деп есептелетін тарифтері қоса тағайындалатын болады

3. Тарифтер екі Тарап мемлекетінің авиациялық өкіметіне ұсынылған енгізілу күніне дейінгі қырық бес күн ішінде бекітуге ұсынылатын болады; ерекше жағдайларда аса қысқа мерзім ішінде авиациялық өкіметтермен қабылдануы мүмкін.

Егер әрбір Тарап мемлекетінің авиациялық өкіметтері ұсынылған күннен бастап отыз күн ішінде, басқа Тарап мемлекетінің өкіметтерін ұсынылған тарифпен өзінің келіспейтіндігімен хабардар етпесе, тариф бекітілген болып есептеледі және тарифке ұсынылып, бекітілген күннен бастап күшіне енеді.

Егер авиациялық өкіметтермен тарифті ұсыну үшін қысқартылған мерзім қабылданған жағдайда, тарифтің қабылданбағаны туралы хабарламаның түсуі мүмкін болатын аралықтағы уақыт мерзімі отыз күннен аз болады.

4. Егер мақұлданбағаны туралы хабарлама осы Баптың 3 тармағына сәйкес қабылданған болса, Тараптар мемлекеттерінің авиациялық өкіметтері осы Келісімнің 17 бабына сәйкес консультациялар өткізеді және уағдаластық жолымен тарифті анықтау үшін күш жұмсайды.

5. Егер Тараптар мемлекетінің авиациялық өкіметтері көрсетілген осы Баптың 3 тармағына сәйкес кез-келген тариф бойынша, немесе осы Баптың 2 тармағына сәйкес кез-келген тарифін анықтау бойынша уағдаласа алмаса, онда талас осы Келісімнің 18 Бап ережелерімен сәйкес реттелуі мүмкін.

6. Егер әрбір Тарап мемлекетінің авиациялық өкіметтері бекітілген тарифпен келіспесе, олар басқа Тарап мемлекетінің авиациялық өкіметтеріне осы туралы хабардар етеді, және тағайындалған авиакәсіпорын, қажет болған жағдайда, уағдаласуға қол жеткізу үшін ұмтылатын болады.

Егер келіспеушілік туралы жазбаша хабарлама алынған күннен бастап тоқсан күн ішінде жаңа тариф бекітілмесе, осы Баптың 4 және 5 тармақтарында бекітілген рәсімдер қолданылатын болады.

7. Егер тарифтер осы Бап ережелеріне сәйкес бекітілген болса, бұл тарифтер осы Келісімнің 18 Бабына немесе осы Баптың ережелеріне сәйкес жаңа тарифтері бекітілмейінше қолданыста болады.

8. Егер осы Келісімнің 18 Бабы мен осы Баптың 4 тармақ ережелеріне сәйкес бекітілген тариф жағдайынан басқа кез-келген Тарап мемлекетінің авиациялық өкіметтері олармен келіспесе тариф күшіне енбейді.

9. Екі Тарап мемлекетінің авиациялық өкіметтері тағайындалған және өзара келісілген тарифтер олар бекіткен тарифтерге сәйкес болуын қамтамасыз ету үшін күш саларды.

1. Басқа Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорнына авиакәсіпорын қызметімен байланысты функцияларды орындауға қажетті, оның мемлекетінің кету, келу және жұмысқа орналасуға қатысты заңдарын сақтай отырып, әрбір Тарап өзара келісім негізінде өз мемлекеті аумағында өкілеттікті, әкімшілік, коммерциялық және техникалық қызметкерлерді ұстауға құқығы бар.

2. Бұндай өкілеттік тағайындалған авиакәсіпорындардың қарауы бойынша кез-келген ұлттың өзінің дербес жеке қызметкері болуы мүмкін немесе басқа Тарап мемлекетінің аумағына келген және уәкілеттігімен осы басқа Тарап аумағында осындай қызметті жүзеге асыратын қолданыстағы кез-келген басқа ұйымның, кәсіпорынның немесе авиакәсіпорынның қызметін пайдалануға мүмкіндігі бар.

3. Өкілдер мен қызметкерлер келу Тараптары қолданысындағы заңнамаға бағынатын болады. Келген мемлекеттің осындай заңнамасына сәйкес әрбір Тарап өзара сүйіспеншілік пен минималды кідірту негізінде қажетті жұмысқа рұқсатты, еңбекке орналасуға рұқсаты бар визаларды және осы Баптың 1 тармағында көрсетілген басқа да осыған ұқсас өкілдер мен қызметкерлерге арналған құжаттарды ұсынатын болады.

4. Тараптар мемлекеттерінің заңнамасында жіберілген деңгейде екі Тарап жұмысқа рұқсат етуді талабынсыз немесе жұмысқа орналасуға рұқсат ететін визаларды немесе анықталған қызметтер мен уақытша негіздегі міндеттерді жүзеге асыратын қызметкерлердің осыған ұқсас құжаттарын талап етпей-ақ өте алатын болады.

1 5 - б а п

Тасымалдың сатылуы, есеп айыруы және табысты ауыстыру

1. Тағайындалған авиакәсіпорындар арасындағы есеп айыру Тараптармен келісілген айыру мен валютамен төлеу туралы қолданыстағы Тарап келісіміне сәйкес жүргізілетін болады.

2. Әрбір тағайындалған авиакәсіпорынға басқа Тарап мемлекетінің аумағында авиатасымалдау бойынша сату қызметін тікелей, немесе өз өкілдері арқылы, өз қарауы бойынша жүзеге асыру ұсынылатын болады.

Әрбір тағайындалған авиакәсіпорын өзінің авиакөліктік қызметін ұлттық немесе келген мемлекет заңнамасына сәйкес кез-келген валютада еркін сатуға құқылы.

3. Әрбір Тарап басқа Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорнына осы авиакәсіпорынмен оның мемлекеті аумағындағы келісілген желілерді пайдаланудан алынған шығыстан табыстың жоғары сомасын еркін ауыстыруға құқылы. Мұндай ауыстырулар ағым төлеміндегі ресми айырбастау курсы негізінде, немесе, егер ресми айырбастау курсы болмаса, басқа Тарап мемлекетінің тағайындалған авиакәсіпорынның ауыстыру туралы сұраудың түскен күніне қолданылатын ағымдағы төлемге арналған нарықтың басымды айырбастау курсы бойынша, және осындай

ауыстыру кезіндегі қызметтері үшін банктерден өндіріліп алынатын алымдарды шектегендегі алымдарға салық салынбайды.

1 6 - б а п А қ п а р а т а л м а с у

1. Екі Тарап мемлекетінің авиациялық өкіметтері басқа Тарап мемлекетінің аумағына, аумағы арқылы немесе аумағынан олардың тағайындалған авиацияларының ұзартылған әуе қатынасының жүзеге асуы үшін ағымдағы шешіміне қатысты ақпаратпен, мүмкіндігінше тез арада, жедел түрде алмасатын болады. Осы ақпарат қолданыстағы куәлік және келісілген желілер өзгерістерімен пайдалануға рұқсат пен пайдалануға рұқсат етілетін үлгілері мен босату тапсырымдарының көшірмесін е н г і з е т і н б о л а д ы .

2. Әрбір Тарап өзінің тағайындалған авиакәсіпорындарына басқа Тарап мемлекетінің авиациялық өкіметтеріне (алдын ала қалай жүзеге асатыны,) тарифтерді, олардың кез-келген өзгерістерін қоса есептегендегі кестелерді және әрбір тағайындалған бағыттар мен кез-келген осы Келісім ережелері міндетті түрде сақталуын қамтамасыз ететін сыйымдылық туралы ақпаратты қосқандағы келісілген желілікті пайдалануға қатысы бар тиісті барлық басқа ақпаратты, алдын ала мүмкіндігінше, ұсынуға ықпал жасайтын болады.

3. Әрбір Тарап өзінің тағайындалған кәсіпорындарын басқа Тарап мемлекетінің авиациялық өкіметтеріне келісілген желілердегі тиеу және түсіру пункттері көрсетілген тасымалдауға қатысты статистикалық ақпаратына ұсынуға ықпал жасайтын болады.

1 7 - б а п К о н с у л ь т а ц и я л а р

1. Тарап мемлекеттерінің авиациялық өкіметтері осы Келісім мен оның Қосымшасының ережелерін орындауға және қанағаттанарлықпен сәйкес ықпал ететін барлық сауалдар бойынша тығыз ынтымақтастықты қамтамасыз ету мақсатында оқтын-оқтын консультациялар өткізетін болады.

2. Осындай консультациялар, егер Тараптар басқаша келіспесе, жазбаша сұраным алынған күннен бастап алпыс күн бойы жалғасатын болады.

1 8 - б а п Т а л а с т ы ң р е т т е л у і

1. Осы Келісімнің талқылануымен немесе қолданылуымен байланысты Тараптар арасындағы пайда болған кез-келген талас жағдайында, Тараптар оны бірінші кезекте

келіссөз жолымен реттеуге тырысады.

2. Егер Тараптар келіссөз жолымен таласты реттей алмаса, олар таласты белгілі тұлғаның немесе органның қарауына беруге келісім беруі мүмкін немесе кез-келген Тарап таласты үш төрешіден құралған Төрелік шешіміне ұсына алады.

3. Төрелік келесі түрде құрылатын болады:

Дипломатиялық каналдар бойынша басқа Тараптан төрелікті өткізуге бір Тараптан сұраным алынған күннен бастап алпыс күн ішінде әрбір Тарап төрешіні сайлайды. Осындай екі төреші уағдаластық бойынша алпыс күн ішінде үшінші төрешіні тағайындайды.

Үшінші төреші, үшінші мемлекеттің азаматы бола тұрып, төрелік төрағасы ретінде жұмыс істейді және оның өту орнын анықтайды.

Егер Тараптың біреуі төрешіні көрсетілген уақыт мерзімінде тағайындамаса, немесе , үшінші төреші көрсетілген уақыт мерзімінде тағайындалмаса, азаматтық авиация ұйымының Халықаралық Кеңесінің Президенті кез-келген Тараптың өтініші бойынша жағдай талабына сай төрешіні немесе төрешілерді тағайындайды.

4. Тараптар осы Баптың 2 және 3 тармақтарына сәйкес қалыптасқан төрешілермен қабылданған кез-келген шешімін немесе атақ беруін орындауға міндеттеме алады.

Егер Тараптардың біреуі төрелік шешімін орындамаса, басқа Тарап осы Келісімнің 5 Бапты қолдану үшін негізі болады.

5. Төрелік шығыны екі Тарапқа тең бөлінетін болады.

1 9 - б а п
Т ү з е т у л е р

1. Егер Тараптардың біреуі осы Келісім ережесінің кез-келгенін өзгертуді ұйғарса, ол басқа Тараптан консультация өткізуді сұрай алады. Авиациялық өкіметтер арасындағы осындай консультациялар келіссөз жолы арқылы немесе хат алмасу жолы арқылы жүргізіледі және сұраным түскен күннен бастап алпыс күн бойы жалғасатын болады.

2. Егер жалпы көпжақты авиациялық конвенция екі Тарапқа қатысты күшіне енсе, осындай конвенция ережесі басым болады.

3. Осындай консультация нәтижесінде келісілген кез-келген өзгеріс осы Келісімнің 20 бабында көрсетілген тәртіпте күшіне енеді.

4. Қосымшадағы бағыттар кестесі авиациялық өкіметтер арасындағы уағдаласу жолымен өзгертілуі мүмкін болатындығына Тараптар келісті.

2 0 - б а п
Ә р е к е т т і ң т о қ т а т ы л у ы

Осы Келісім барлық мемлекет ішіндегі оның күшіне енуіне қажетті

рәсімдерін Тараптармен орындау туралы соңғы жазбаша хабарлама алынған күнінен бастап күшіне енеді.

Осы Келісім белгісіз мерзімге бекітіледі және бір Тарап өзінің әрекеттің тоқтатуы туралы ниетін білдіретін жазбаша хабарламаны жіберген күннен бастап 12 ай біткенше өз күшінде болады.

Осындай хабарлама Халықаралық азаматтық авиация ұйымындарына бір мезгілде жіберілетін болады.

21-бап

Тіркеу

Осы Келісім, оның Қосымшасы және кез-келген келесі түзетулер Тараптармен тіркеу үшін Халықаралық азаматтық авиация ұйымдарына ұсынылуы керек.

" ___ " 200__ жылы _____ қаласында әрқайсысы қазақ, ағылшын, орыс тілдерінде бірдей заң күші бар екі түпнұсқада болды.

Осы Келісім ережесін талқылауда алауыздық пайда болған жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінге көңіл бөлетін болады.

Қазақстан Республикасының
Үкіметі үшін

Америка Құрама Штаттарының
Үкіметі үшін

Қосымша

Бағыттар кестесі

1. Қазақстан Республикасы тағайындаған авиакәсіпорындармен пайдаланылатын бағыттар

жіберу	аралық	бекіту	шектен тыс
пункттері	пункттер	пункттері	пункттер

Қазақстандағы	АҚШ-ғы
пункттер	пункттер

2. Америка Құрама Штатымен тағайындалған авиакәсіпорындармен

пайдаланылатын бағыттар

жіберу пункттері	аралық пункттер	бекіту пункттері	шектен тыс пункттер
---------------------	--------------------	---------------------	------------------------

АҚШ-ғы пункттер	Қазақстандағы пункттер
--------------------	---------------------------

Барлық пункт немесе келісілген бағыттағы пункттер тағайындалған екі Тарап мемлекетінің авиакәсіпорындарымен түсірілуі мүмкін немесе жіберу және бекіту пункттері олардың азаматтығының мемлекеті аумағында болатын жағдайда кез-келген немесе барлық бағытта қандай да бір тәртіпте пайдаланылуы мүмкін.

Бағыттар кестесінде көрсетілмеген басқа пункттер Тараптар мемлекеттерінің авиациялық биліктері арасындағы келісім бойынша анықталатын болады.

Шектен тыс пункттер Тараптардың авиациялық биліктері арасындағы келісім бойынша анықталатын болады.

Бесінші әуе еркіндігінің ұсынылуы Тараптар мемлекеттерінің авиациялық биліктері арасындағы келісімнен кейін жүзеге асатын болады.

Мамандар:

Багарова Ж.А.,
Қасымбеков Б.А.